

ям. Безусловно, есть и минусы в данной форме обучения. Инструментами для дистанционного обучения могут выступать QR-коды, виртуальные экскурсии на английском языке, задания, которые направлены на развитие функциональной грамотности, стимулирующие интерес на основе проекции их в практическую реальность.

Система индивидуального подхода к обучению полностью соответствует личным особенностям каждого учащегося. Поэтому ребенок, попав в эти условия, начинает культивировать в себе лучшие черты характера и старается исправить недостатки, которые мешают на пути к успеху. В результате повышается интерес к предмету, между учителем и обучающимися устанавливаются партнерские отношения, снижается психологическое напряжение обучающихся на уроках, повышается когнитивная, креативная, мотивационная, коммуникативная активность учащихся и, как следствие, качество естественнонаучных и языковых знаний.

Список литературы:

1. Долгань, Е.К. Инновации и современные технологии в обучении химии / Ч. 2, 2001., С.14.
2. Максимова В.Н. Межпредметные связи в учебно-воспитательном процессе современной школы – М.: Просвещение, 2010, – 180с.
3. Инновации и современные технологии в обучении химии /Ч. 2, Долгань Е.К., 2001., – 16с.
4. Шаталов М.А., Кузнецова Н.Е. Обучение химии. Решение интегративных учебных проблем: 8-9 классы. Методическое пособие. – М: Вентана-Граф, 2006. – 256с.
5. Гребенюк, О.С. Основы педагогики индивидуальности / О. С. Гребенюк, Т. Б. Гребенюк. – Калининград, 2013. https://www.uchmet.ru/portfolios/users/226/112893/23.08.2013_QiQng/data/763_757_768_content.html(дата обращения: 09.01.2021).
6. Унт, И. Индивидуализация и дифференциация обучения / И. Унт. М.: Просвещение, 1990.
7. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. 10 января 2018 г. https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstana-(дата обращения: 09.01.2021).

ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ОҚУШЫ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ӘСЕРІ

*Насыр Кашира,
Досмагулова Каламкуль Капеновна,
Жиенбай Сандугаш Бауыржанқызы,
Нүркенова Әйгерім Дауылбайқызы,
аға оқытушылар,
БІ.Алтынсарин атындағы АрқПИ, Арқалық к.*

Аннотация

Өзектілігі: оқыту түрлерін, әдістері мен құралдарын жетілдіріп, тиімді тәсілдерді нәтижелі қолдану жолдарын қарастырудың маңызын, мұғалім алдына қойылған мақсат, диалектикалық тәсіл мен жалпы теориялық және жалпы философиялық принциптерді ебін тауып қолданғанда іске асады.

Мақсаты: оқушыларды қызықтыратын әрі таным белсенділіктерін дамытып, білім сапаларын жоғарылататын ең тиімді және нәтижесі мол жаңаша оқыту әдістемелерін қолдану.

Түйінді сөздер: білім беру, әдіс, оқыту инноватика, технология, педагогикалық технология, белсенді оқу әдістері.

Аннотация

Актуальность: совершенствование форм, методов и средств обучения, определение путей эффективного применения эффективных подходов, цель, поставленная перед учителем, диалектический подход и общетеоретические и общепсихологические принципы.

Цель: использование наиболее эффективных и результативных методик обучения, способствующих развитию познавательной активности и повышению качества знаний учащихся.

Ключевые слова: образование, образование, метод, обучение, технология, педагогическая технология, методы активного обучения.

Abstract

Relevance: improving the forms, methods and means of teaching, identifying ways to effectively apply effective approaches, the goal set for the teacher, the dialectical approach and general theoretical and general philosophical principles.

Goal: to use the most effective and effective teaching methods that promote the development of cognitive activity and improve the quality of students' knowledge.

Keywords: education, education, method, training, technology, pedagogical technology, methods of active learning.

Мемлекетіміздің келешегі өркениетке жету бәсекелестікке өз бетінше өмір сүре алатын шығармашыл жастардың қолында. Сондықтан жаңа үрдіс сатысында оқыта отырып, оқушының жалпы дамуын қамтамасыз ету басты мақсат болып табылады. Республикамызда білім беру ісін реформалаудың стратегиялық міндеттері білім берудің жеке тұлғаға бағытталуы.

Бүгінде, білім берудің мақсаттары қоғам өмірінің мақсаттарымен тікелей байланысты. Өмір білім беруді нақтыласа, білім өмір сүруге тікелей әсер етеді. Білім беру мен өмір сүру мақсаттары өзара байланысты және бір-біріне тәуелді [1].

Оқытудың тәрбие мен дамытудың үздіксіз процесі. Белгілі балалар психологы Д.Б. Эльконин дәлелдегендей 3-10 жас аралығындағы балалар біріккен мәдени – білім беру саласында ортақ өмірмен дами отырып, ортақ тәрбиеленіп, ортақ оқып үйреніп өмір сүруі керек. Яғни, бұдан шығатын қортынды бұл (сабақтастықтың) яғни бастауыш сатыда мазалайтын сұрақтар проблемалары біреу ғана. Ол баланың тілін ой-өрісін, қиялы мен шығармашылығын дамыту болып, жаңа заман талабына сай жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде оқытып тәрбиелеу. Көрнекті психолог Л.С.Выготскийдің негізі бойынша «Бала дамуының ең шарықтау шегі – бұл тіл мен ойдың шығармашылығы» деген екен. Оқу-тәрбиесінде мынандай өзекті яғни (актуальды) жерлерінде проблемалар бар: 1) Оқушылардың өз бетінше ойланып, әрекет етулері жеткіліксіз. Бір оқу міндетін басқа түрлі жолдармен өзгертіп, шеше білу қабілеттері, сонымен қатар алынған білім-білік дағдыларын қазіргі өмір мен ғылым, техника жаңалықтарымен байланыстырып, салыстырып, зерттеп өз болжамдарын жасау қабілеттері әлі де төмен деңгейде. Ал мұның себебі қайда жатыр және бұл проблемаларды шешу үшін, білім үрдісінде инновациялық озық әдістерді оқып үйреніп өз іс-әрекетінде енгізу қажет. Білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа әдістер бар. Американың белгілі педагогы Филипп С. Шлехти егер оқушы қалай оқу дағдысын игерсе, өзіне қажетті ақпаратты іздеуді үйренсе, соларды пайдаланып мәселенің шешу жолын іздей алатын болса, өзінің кәсіби шеберлігін жетілдіріп, өмір өзгерісіне бейімделе алады деген. Г.И.Шукина, Н.Г.Морозова және т.б ғалымдардың еңбектерінде танымдық белсенділікті оқу үрдісінде қалыптастыру механизмдерінің ерекшеліктері анықталған.

XXI-ғасыр жеке тұлғаны қалыптастыру, ізгілендіру, дамыту ғасыры. Олай болса мұғалімдердің алдында тұрған бірден-бір мақсат – оқушылар алған білімдерін пайдаға асырып, өздігінен әрекет ете алатын, оларды түрлі өмірлік жағдайда қолдана білетін, жалпы азаматтық және ұлттық құндылықтарды қатар меңгерген, өздік көзқарасы бар, Отанын шын сүйетін азамат болып жетілуіне көмектесу. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасаулары керек.

Оқыту түрлерін, әдістері мен құралдарын одан әрі жетілдіріп, тиімді тәсілдерді нәтижелі қолдану жолдарын іздестірулері қажет. Оқушының танымдық қызығушылығы-

ғын арттыру педагогика ғылымының қай кезде де басты мәселелері бола бермек. К.Д. Ушинский өз еңбектерінде «Мектеп ғылымның қызықсыз жақтарымен емес, керісінше оны қызықтыратын тартымды жақтарын табуға баулуы қажет», деген болатын. Сондықтан әртүрлі оқыту әдістері мен тәсілдерін оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қарауда мұғалім іс-әрекетінің маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың түрлі әдістемелерін меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі,-деп көрсетеді [2].

Бүгінгі таңда білім беру саласында әртүрлі сипаттағы және бағыттағы инновациялар енгізілуде. Азды-көпті мемлекеттік жүргізіліп, мазмұнға, ұйымдастыруға оқыту әдістері мен технологияларына жаңалықтар кіруде. Білім беру саласына енген жаңалықтарға мына өзгерістерді жатқызамыз:

- оқу тәрбие мекемелерінің жаңашыл басқарылуы;
- білімнің қоғамдағы орны және сол жүйені қаржыландыру деңгейін;
- тәрбие және білім жүйесі құрылымын.

Білім беру мазмұнын, яғни оқу жоспарларындағы және бағдарламалардағы өзгерістерін:

- мектептің ішкі ұйымдастырушылық әрекеттерін;
- мұғалім мен оқушы қарым-қатынастарына, ұстаз бен шәкірттер арасындағы қарым-қатынас;
- оқыту әдістемелеріндегі өзгерісін;
- білім беру мекемелерінің құрал – жабдықтарындағы және ақпараттық технологияларды қолданудағы өзгерістер;
- оқыту мекемелерінің құрылысындағы өзгерістерді жатқызамыз.

Болашақ маманның деңгейі тек кәсібі ғана емес, сондай-ақ шығармашылық потенциалы және ойлау қабілеті ерекшеліктерімен еместігі де бағаланады.

Оқыту әдістемесінің мақсаты – оқу үрдісін қатысушылар оқытушы мен оқушының шығармашылық әрекеттеріне жағдай жасай отыру арқылы тиімділігін сақтап оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды белсендіру.

Сабақ біртұтас жүйе ретінде үш құрылымнан тұрады.

Бөліктер құрылымдары, бірінші құрылымдар, оларда дидактикалық мақсаттар белгіленген. Оқу үрдісінің логикасына сай соңғы бөлік алдыңғы бөлікпен байланысты. Дидактикалық басты мақсат сабақтың типін анықтау.

Екінші құрылым – оқыту материалының мазмұны, ол бірінші құрылымға бағынышты. Оқыту материалының мазмұны сабақтың бір компоненті ретінде белгілі химиялық ұғымдар, фактілер, заңдар, химиялық заттар мен олардың қасиеттерін, заңдылықтар мен қорытындыларды үйрену, іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру.

Сабақтың үшінші құрылымы – оқыту әдістері алғашқы екі құрылымдарға тәуелді, мазмұнның әртүрлі элементтері оқушылар оларды меңгеруі үшін әртүрлі логика-психологиялық жолдар қажет.

Білім беруде педагогикалық ізденістердің бүкіл жетістіктерін атап айтсақ, жеке-леп оқыту (индивидуализация), деңгейлеп оқыту, модельді оқыту жүйелерін пайдаланып, мамандарға химиядан білім берудің тиімді, белсенді әдістерін іздестіруді, сол арқылы оқушыларды өзін-өзі бағалау деңгейіне көтеруді қарастыру қажет.

Мектеп практикасында кейбір мұғалімдер педагогика ғылымдарының жетістіктеріне көңіл аудармай, өз іс-тәжірибелерінде олардың ұсыныстарын қолданбай келеді. Соның нәтижесінде химия пәнін оқыту арқылы жекебас сапаларын дамыту жүзеге аспай, оның орнына жаттап алу жолымен жүргізіледі [3].

Мұндағы мақсат – әрбір жеке тұлғаның потенциалын ашуға және білімін іске асыруға мүмкіндік беретін оқытудың тиімді жолдары мен әдістерінің жобасын жасау.

Оқушының ойлағыштық қабілетін жоғарлату үшін, бірмезгілде үш міндетті шешу кергін әдебиеттерде атап көрсетілген:

1. Сабақ кезінде кез-келген дайындық деңгейіндегі оқушыларды қызықтыратын жұмыс түрін таңдай білу керек, таным процесіне сынып оқушыларын тұтастай тарту.

2. Әрбір оқушыға шамасына қарай жалпы проблеманың тек бөлігін ғана анықтау арқылы әрбір оқушыға дифференциалды тәсілді қолдану жүзеге асады.

3. Нашар оқитын оқушыдан сабақты сұрау кезінде дұрыс жауап бермеген жағдайда жаман баға аламын деген қорқыныш сезімін жою, ойлау процесіне еркіндік беру.

Оқытудың үнемі дамушылық сипаты, ең әуелі пікірді ұғыну, түсіну, содан соң жадында сақтау, жаңа материалдың бұрын оқыған материалмен ішкі байланысының қажеттілігін тауып көрсету, оқушылардың өзіндік танымдық әрекеттерін жүйелі түрде ұйымдастыруды талап етеді.

Мұғалім алдына қойылған мақсат егер оқыту мен тәрбиелеу үрдісіне диалектикалық тәсіл мен жалпы теориялық және жалпы философиялық принциптерді ебін тауып қолданғанда іске асады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әлқожаева Н.С Педагогика: Оқу әдістемелік кешен. – Алматы, 2006.
2. Баширова Ж.Р. Развитие университетского образования в аспекте подготовка преподавателя высшей школы. Монография. – Алматы, 2008.
3. Тұрғынбаева Б.А. Шығармашылық қабілет және дамыта оқыту. – Алматы, 2001.

РАЗВИТИЕ РЕФЛЕКСИВНОЙ ПОЗИЦИИ ОБУЧАЮЩИХСЯ В УСЛОВИЯХ ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Нұралы Айжан Жомартқызы,
магистрант кафедры педагогики и психологии,
научный руководитель: *Бежина Виктория Валерьевна,*
доктор философии (PhD), к.п.н.,
ассоциированный профессор кафедры иностранных языков,
Костанайского регионального университета им. А. Байтұрсынова, г. Костанай

Аннотация

Өзектілігі. Мақалада қашықтықтан білім беру жағдайында студенттердің рефлексиялық позициясы дамуының қазіргі тенденциясы сипатталған. Пандемияда кері байланыстың мағыналы тобын сипаттайды.

Мақсаты: қашықтықтан білім беру жағдайында студенттердің рефлексиялық позициясын зерттеу.

Түйінді сөздер: қашықтықтан оқыту, рефлексивті позиция, керібайланыс, мотивация, эмоционалды күй.

Аннотация

Актуальность. В статье описывается актуальная тенденция развитию рефлексивной позиции учащихся в условиях дистанционного образования. Рассказывается о значимой роли обратной связи в условиях пандемии.

Цель: изучить рефлексивную позицию учащихся в условиях дистанционного образования.

Ключевые слова: дистанционное обучение, рефлексивная позиция, мотивация, эмоциональное состояние.

Abstract

Relevance. The article describes the current trend in the development of the reflective position of students in the context of distance education. Describes a meaningful swarm of feedback in a pandemic.

Goal. study the reflective position of students in the context of distance education.

Keywords: distance learning, reflexive attitude, feedback, motivation, emotional state.